

Қазақстан Республикасында алкогольді ішімдіктерді сату тәртібін сақтауға бақылауды күшейту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 15 мамырдағы N 678. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Арақ-шарап бұйымдары мен сыраны тасып жеткізуді және сатуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің жауапкершілігін арттыру, салық төлеуді толық мөлшерде қамтамасыз ету, сапасыз өнімдерді сатуға жол бермеу және алкогольді ішімдіктер шығаратын республикалық кәсіпорындарды және тұтынушылар құқығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1 . < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.06.12. N 954 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мүдделі министрліктердің және ведомстволардың келісуі бойынша Қазақстан Республикасының барлық сауда желілері мен қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін, меншік нысанына қарамастан, сақталуы міндетті алкогольді ішімдіктер мен сыра сатудың бөлшек сауда ережесін әзірлесін және б е к і т с і н .

Көтерме сауда ережесінде арақ-шарап бұйымдарымен және сыраны сауда жасауға рұқсат берудің тәртібі қарастырылсын.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің арақ-шарап бұйымдарын және оны сатудың бөлшек сауда ережесін сақтауына шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

импортталатын алкогольді ішімдіктер мен сыраға кеден бажы мен акциз ставкаларының дұрыстығына және толық төлетіп алынуына бақылау күшейтілсін , осы бұйымдарды әкелуді жасыру мен салық төлеуді азайту мақсатында олардың орнына алкогольсіз сусындар мен басқа тауарлар туралы декларация тапсыру фактілеріне жол берілмесін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 170 қаулысының 7-тармағы ;

"1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 маусымдағы N 506 қаулысының арақ-шарап бұйымдары мен сыра бөлігіндегі 6-тармағының екінші - алтыншы абзацтары.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК